




Ата-ана жиналысының анықтамасы

Өткізілу мерзімі мен уақыты: 15-16.09.2022ж

Қатысқандар: 1-11 сынып ата-аналары, сынып жетекшілер

Күн тәртібінде қарастырылатын мәселелер:

1. Мемлекет басшысының 2022 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына жолдауы.
2. 2022-2023 оқу жылындағы мақсат-міндеттері.
3. Мектептің ішкі тәртіп ережелері (мектептің формасы, тыйым салынған заттарды әкелмеу, ақша жинамау, өмір қауіпсіздігі).
4. Ағымдары мәселелер.



Мектеп директоры



Б.У.Сарин

2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫ ҚҰРЫЛҒАН «МЕЙІРІМ» АНАЛАР КЕҢЕСІНІҢ ЖҮРГІЗГЕН ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ТАЛДАУЫ

1.1. Аналар кеңесі өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Балалар құқығы туралы Конвенциясын, Қазақстан Республикасының «Білім беру» Заңы, Қазақстан Республикасының «Бала құқығы» Заңы, Қазақстан Республикасының «Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу», мектеп Жарғысы мен ішкі тәртіп Ережелерін басшылыққа алады.

1.2. Аналар кеңесінің төрайымы кеңестің тікелей жетекшісі болып табылады. Аналар кеңесінің жұмысын үйлестіруші-тәрбие жұмысы бойынша директордың орынбасары.

1.3. Аналар кеңесіне: әлеуметтік педагог, педагог-психолог кіреді.

1.4. Аналар кеңесі оқушылармен тәрбиелік жұмыстарды өткізеді.

1.5. Аналар кеңесі мектептің ата-аналар жиналысының бөлімі болып табылады.

1.6. Аналар кеңесі жұмысы мектептің бір жылдық жұмыс жоспарына негізделеді.

МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2.1. Аналар кеңесі қызметінің мақсаты отбасы мен мектеп арасындағы байланысты нығайту.

2.2. Аналар кеңесі отбасылық жақсы тәрбиенің тәжірибесін насихаттайды, аналардың бала тәрбиелеудегі жауапкершілігін арттыру.

2.3. Аналар кеңесі жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу шараларын ұйымдастырудағы рөлін арттыру.

2.4. Аналар кеңесі балалардың қоғамдық өміріне деген биімділігін жүзеге асырып оған әлеуметтік көмек және қолдау көрсетеді, бос уақытты ұйымдастыруға ат салысады және тәртібі нашар оқушылармен жұмысты ұйымдастырады.

2.5. Аналар кеңесі мектеп кеңесімен профилактикалық кеңеске қатысады.

2.6. Өз қызметінде Аналар кеңесі келесі міндеттерді шешеді:

2.6.1. Тәрбие процесін ұйымдастыруда және басқаруда мектепке көмек көрсету.

2.6.2. Отбасылық тәрбиенің жақсы жақтарын насихаттау.

2.6.3. Өскелең ұрпақты тәрбиелеуде және білім беру мекемелерінде балалардың қауіпсіздігін сақтау шараларын ұйымдастыру.

АНАЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰЗІРЕТІ

3.1. Аналар кеңесі құзіретіне кіреді:

- Аналар кеңесі оқушылардың белсенді азаматтық ұстанымының қалыптасуына, әлеуметтік тәртіп дағдыларының дамуына жағдай жасайды.

- оқушылармен жүргізілетін тәрбие жұмыстарында қоғамдық бақылауды ұйымдастыру;

- өмірлік қиын жағдайға тап болған ата-аналармен, көп балалы аналарымен, оқушылармен қоғамға жат әрекеттер мен құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында түсініктеме жүргізу;

- педагог қызметкерлерге ішімдікке, темекі тартуға, қоғамға қарсы жат мінез-құлықтар көрсетудің алдын алу шараларын ұйымдастыруда көмек көрсету;

- кеңеске жергілікті басқару мекемесінен, қоғамдық ұйымдардан өкіл, жеке кәсіпкерлерді, бұқаралық ақпарат қызметкерлерін шақыру;

- Аналар кеңесі оқушылар арасындағы қылмыстың алдын алу мақсатында директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, әлеуметтік педагогтармен бірге компьютерлік клубтарға, кальян тартатын орындарға рейд жасайды.

Жоспарға сәйкес «Әже-көңілдің ажары, Немере-өмірдің базары» әже мен немере сайысы өтті.

Өткізілу мерзімі мен уақыты: 14.03.2023ж

Қатысқандар: 4-5 сынып оқушылары мен әжелері, сынып жетекшілер.

Мақсаты: Жас ұрпақты ата баба дәстүрімен тәрбиелеу. Әже тәрбиесін үлгі ету. Әжелер айтқаны асыл екенін, әрі олардың өнегесін күнделікті өмірде пайдалану. Әжелер өнегесінің ерекшелігін ашу. Баланы кішіпейілділікке, қарт адамдарды құрметтеуге үйрету.



2023 жылдың наурыз айының он бесі күні «Ана деген теңдесі жоқ ұлылық» атты тақырыбында жоғары соттың төс белгісінің иегері, «Мерейлі отбасы» гран при иегері, ҚР құрметті азаматы, «Патриоттық белсенділер» медалінің иегері, «Елеулі еңбек» медалінің иегері **Әбілдаева Бибігүл Әбдішүкірқызымен** кездесу кеші өтті.

Қатысқандар: 9,10,11 сынып оқушылары

Мақсаты: Өнерге, мәдениетке, өткен тарихқа, отаншылдыққа өз көзқарастарын тәрбиелей отырып, отбасының алтын арқауы - негізі болуға үйрету. Мейірімділік пен қамқорлық қасиеттерін, ізеттіліктерін қалыптастыру.



10.02.2023 жылы Аналар кеңесінің мүшелері «Қыз еркем, анасымен көркем» атты шеберлік сағатын өткізді. Аналар ұмыт болып бара жатқан салт-дәстүрізді, сәндік қолданбалы өнерімізді қайта жаңғыртып, қыз балаларға үйретті.



2022-2023 оқу жылының басында мектебімізде Аналар кеңесінің мүшелері 14 адамды құрады. Бұл кеңестің құрамына белсенді аналар мүше ретінде қабылданды. Біздің басты міндетіміз, отбасылық құндылықтарды сақтау, келешек ұрпақтың тәрбиесіне баса назар аудару. Отбасындағы құндылықтарды сақтауға нәзік жандылардан құралған бұл кеңестің әсері зор

Аналар кеңесінің мүшелері



P/C	Аналар кеңес мүшелерінің аты-жөні	Байланыс нөмірі
1	Салекина Рауза Мукановна	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары 87017931165
2	Дошниязова Акмарал Алдангаровна	Аналар кеңесінің төрайымы 87025050734
3	Байтурина Айнаш Куттыбаевна	Инабат қыздар клубының төрайымы 87054733126
4	Елтезерова Гаухар Суйндиковна	Қамқоршылық кеңес төрайымы 87013471998
5	Демекбаева Гүлназ Демекбайқызы	Қамқоршылық кеңес мүшесі 87014724570
6	Амантурлина Асият	87022581935
7	Жармуханова Эльвира	87055370136
8	Касимова Гүльнур	87770766444
9	Кужакова Ләззат	87016372606
10	Нуржанова Умсынай	87715185204
11	Оразалина Гүлбағда	87756640761
12	Саркулова Разия	87056862999
13	Тажибаева Айнур	87081164805
14	Темирова Нургул	87711874757



Қазан айының жұмыс жоспарына сәйкес аз қамтылған оқушыларға көмек көрсетуді ұйымдастыру мақсатында «Қайырымдылық жылы жүректен» атты жәрмеңке өткізу.



2022-2023 оқу жылындағы мектептің, ата-аналармен бірлесіп жасалған жұмыстың қорытындысы

12.09.22 Отбасы күніне орай ұйымдастырылған “ Бақытты шаңырақ- бақытты ел” атты мерекелік кеш 5 сыныптар ата-аналар мен оқушылар арасында өткізілді.

15.09.22 мектебіміздің 11 оқушысы "Жанды сабақтар" аясында Қобда ауданының тарихи маңызы бар жерлеріне барды. Әлия Молдағұлова патриоттық орталығы музейін тамашалап, әрі қарай батыр қыздың ауылы Бұлақтағы музей үйімен танысты.

17.09.22 күні дене тәрбиесі мұғалімдерінің ұйымдастыруымен 5-11 сыныптарға "Денсаулық фестивалі 2022" спорттық іс- шарасы өткізілді

19.09.22 күні құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында кеңес өткізілді.

Мақсаты: оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттырып, құқық бұзушылық және қылмыс белгілерімен, түрлерімен таныстыру, жасөспірімдердің құқықтары мен міндеттерімен таныстыру. Қоғамның заңдары мен нормаларын орындауға, құқықтары біліп оны құрметтеуге тәрбиелеу.

26.09.22ж күні 2022-2023 оқу жылында Мектеп Президенті болып 10"Ә" сынып оқушысы Ахметқали Әділ сайланды.

30.09.22ж мектебімізде Мұхтар Әуезовтың 125 жылдығына арналған «Асқар тау алыстаған сайын айқын көрінеді...» атты әдеби кеш болды. Мақсаты: Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің өмірі мен «Абай жолы» роман – эпопеясын талдау, жинақтау, аудиторияға ұсыну. Кеш барысында оқушылар ұлы тұлғалардың өмірін үлгі тұта отырып, олардың шығармашылықтарын өз шығармашылықтарымен ұштастыра алды.

09.10.22 Ақтөбе қаласындағы № 6655 әскери бөлімге мектебіміздің 9-10 класс оқушылары экскурсияға барды. Онда әскери техникамен, ішкі тәртібімен, әскери қызметшілердің жататын жерімен, асханасымен танысты.

Оқушылар әскери-патриоттық тәрбие негіздері барысында толық малұмат алды.

2022 жылдың қазан айының 11-і күні "№36 қазақ орта мектебі" КММ-нің "Жас Қыран" балалар ұйымының жоспары бойынша 3 сынып оқушыларына арналған "Ең үздік математик"байқауы өтті.

2022 жылдың қазан айының 10-ы күні "№36 қазақ орта мектебі"КММ-де "Арайлы,алтын күз"тақырыбында сурет байқауы өтті.Жұмыстар көрмеге қойылды.Байқауға 3-8 сынып оқушылары қатысты.

2022 жылдың қазан айының 14-і күні "№36қазақ орта мектебі"КММ-де 3-5сыныптарға "Қауіпсіз жол-балаларға"атты жолда жүру кезіндегі қауіпсіздік ережесі өткізілді.

2022 жылдың қазан айының 18-і күні "№36қазақ орта мектебі" КММ-де 25-қазан Республика күніне ұйымдастырылған «Таза табиғат» экологиялық акциясы өтті.

2022 жылдың 14 қазан күні Күз мерекесіне орай ұйымдастырылған “Күз Ханзадасы мен Ханшайымы-2022” сайысы өткізілді.

2022 жылдың қазан айының 21 – і күні « №36 қазақ орта мектебі» КММ-де

Республика күнін мерекелеуге байланысты Облыстық білім бөлімінің жоспарына сәйкес облыс , қала мектептері оқушылары арасында «Патриотизм дауысы» мемлекеттік гимнді жаппай орындау шарасы ұйымдастырылды.

26.10.22ж. №36 қазақ орта мектебінің сахнасында "Мақта қыз бен мысық" ертегісінің желісі бойынша қойылым қойылды.

Ертегіні мектебіміздегі "Театр" үйірмесінің өнерпаздары сахналады.

2022 жылдың қазан айының 27-де "Функционалдық сауаттылықты дамытуға бағытталған" халықаралық зерттеулер жобасына қатысатын оқушылармен "Сенім - менің серігім" атты тимбилдинг жаттығулары өткізілді.

31.10.22 Оқушылардың күзгі демалысын тиімді ұйымдастыру мақсатында 6 сыныптар арасында "Көңілді старт" спорттық эстафета жарысы өткізілді. Мақсаты: оқушыларды ұйымшылдыққа, салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу.

2022 жылдың қараша айының 07-сі күні "Жас жаныңды жаралама" 10-сынып оқушыларына психологиялық тренинг өткізілді. Мақсаты: нашақорлықтың алдын алу, оқушыларды салауатты өмір салтын ұстануға үйрету.

2022 ж қараша айының 10 күні Ұлттық мектеп лига 7-8 сынып арасындағы облыстық тоғызқұмалақтан жарыс өткізілді

2022 жылдың қараша айының 24-і күні «№36 қазақ орта мектебі» КММ-де жалпы білім беретін пәндер бойынша 8-11 сынып оқушылары арасында республикалық олимпиаданың мектепшілік кезеңі және 2-4 сыныптар арасында кіші олимпиаданың жабылу салтанаты өтті.

15.12.22ж "№36 қазақ орта мектебі" КММ-де желтоқсан оқиғасына қатысқан мектебіміздің мұғалімі Калназарова Сара Жултаевна және ауған соғысының ардагері Марданов Жалғас Дүсіпбекұлымен 10-11 сынып оқушылары ерлік сабағын өткізді.

2022 жылдың желтоқсан айының 12-сі күні "№36 қазақ орта мектебі" КММ-де Тәуелсіздік күніне орай 9-11 сынып оқушылары арасында әскери-қолданбалы спорт сайысы өткізілді.

2023 жылдың қаңтар айының 17-сі күні "№36 қазақ орта мектебі" КММ-де Ақтөбе қаласы "Әдістемелік кабинет" ММ-нің жоспарына сәйкес Ауған соғысының ардагері Қойлыбаев Марат Айтуғанұлымен кездесу өтті.

1-наурыз 2023 жылы мектебімізде 1-наурыз Дүниежүзілік Азаматтық қорғау күніне орай «Төтенше жағдай кезіндегі ғимараттан жедел шығу» эвакуациялық оқу - жаттығу жүргізілді.

15.03.22 Жас ұрпақты ата-баба дәстүрімен тәрбиелеу мақсатында "Әже - көңілдің ажары, Немере — өмірдің базары" атты әжелер сайысы өтті. Асыл әжелеріміз ата-дәстүр салтымен өздерін таныстырып, немерелерімен бірге өнерлерін көрсетті. Ұлттық тағамнан дәм татқызып, тоқыма, тігін шеберліктерін паш етті.

2023 жылдың 03 наурыз күні 9-10 сынып аралығында «Көрікті көктем аруы-2023» байқауы өткізілді. Мақсаты: қыз балалардың жан дүниесіндегі көркемдік талғамын қалыптастыру; қазақ халқының қыз тәрбиелеу салт – дәстүріне байланысты әдептілікке, инабаттылыққа, ізеттілікке тәрбиелеу.

2023 жылдың сәуір айының 03-і күні 4,5 сынып оқушыларына “ Жол жүру ережесін сақтауға профилактикалық түсіндірме жұмыстары” туралы ПБ. ППБ полиция қызметкері полиция Аға лейтенанты Калмагамбетов Ғалымжан Бауыржанұлы түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

2023 жылдың 19 сәуір күні 9-10 сынып аралығында “Жігіт сұлтаны-2023” байқауы өткізілді. Мақсаты: болашаққа сеніммен қадам басқан халқымыздың салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, жөн-жоралғыларын оқушылардың бойына сіңіру, батыл, намысты ұлдарды тәрбиелеу.

Мамыр айының 03-і күні “ Мен елімді әнге қосып мақтан етемін” тақырыбында 2-11 сынып арасында жауынгерлік байқау өткізілді.

Мамыр айының 16-сы күні мектебімізде "Жұлдыздар шеруі-2023" жетістіктер шеруі өтті.

Мамыр айының 18-і күні "Өнерге қанат қаққандар" тақырыбында би, қолөнер үйірмесінің және спорт секциясының жылдық қорытынды концерті өтті.

**Жалпы ата-аналар
жиналысының хаттамасы**

№1

11.11.2022 ж

Қатысқаны-200 ата-ана, пән мұғалімдері

Қатысты – түгел

Күн тәртібіндегі мәселелер:

- 1.«Үштік одақ-тәрбие негізі» (Хабарламашы: Г.Еркінова-қазақ тілі және әдебиеті пәні мұғалімі)
- 2.«Қауіпсіз интернет» бала қауіпсіздігінің басты кепілі (Хабарламашы: Б.Әмірханқызы-тарих пәні мұғалімі)
- 3.«Ертеңді ойласаң-есірткіге жолама» тақырыбында есіркінің алдын алу. (Хабарламашы: А.Шакенова –биология пәні мұғалімі)
- 4.Жасөспірімдер арасындағы келеңсіз оқиғалардың алдын алу. (Киубек Наргиз-КЖТІЖИ, лейтенат)
- 5.1-оқу тоқсанының қорытындысы. (Хабарламашы: Сынып жетекшілер)
- 6.Ағымдағы мәселелер.

ТЫҢДАЛДЫ:

Алғы сөзді мектеп директоры Б.У.Сарин сөз алды.

Биылғы 2022-2023 оқу жылының I тоқсандағы оқушылардың оқу үлгерімі қорытындысымен таныстырып өтті.Қорытынды бойынша қанша оқу озаты,оқу екпіндісі болғанын,оқушылар үлгерімінің пайыздық көрсеткіштерімен таныстырды.Токсан аяғындағы оқушыларды қорытынды бақылау жұмыстарының өту,орындалу барысын толықтай баяндап берді.Ата-аналар тарапынан сұрақтар болған жоқ.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша қазақ тілі және әдебиеті пәні мұғалімі Г.Еркінова сөз алды:

Ата-ана мектеппен байланысын күшейтуі арқылы ғана бала тәрбиесінде жақсы жетістікке қол жеткізе алатына ақиқат. Ал, ата-ана мен ұстаздар арасындағы қарым-қатынасынан мықты нәтиже болары анық. Бар әдемілік пен әдептілікті бойына жинаған, халықтық тәрбиемен сусындаған, өз отбасына, өз ұстаздарына, өз мектебіне, сыныптас достарына, еліне құрмет сезімі қалыптасқан жеке тұлға болатынына және ата-аналардың балалары алдындағы жауапкершілігі туралы атап айтты.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша тарих пәні мұғалімі Б.Әмірханқызы сөз алды:

Қауіпсіз интернет бала қауіпсіздігінің басты кепіл тақырыбы баяндамасында галамтордағы қауіп-қатармен күресте ата-ананың рөлі маңызды екеніне атап тоқталып кетті. Сондықтан, ата-аналарға балаларына интернеттегі қауіп туралы айтып, мінезіндегі кез-келген өзгерісті бақылау ұсынылды.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша биология пәні мұғалімі А.Шакенова сөз алды:

Мектеп жасындағы балаларға зиянды заттарды пайдалану болашағына балта шабатыны, денсаулығына кері әсер тигізетіні туралы арнайы презентация,видеороликтер көрсетіп,ата-аналарға пайдалы кеңестер берді.

Күн тәртібіндегі бесінші және алтыншы мәселелер бойынша сынып жетекшілер ата-аналармен ары қарай өз кабинеттерінде жалғастырды.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

1. Г.С.Елтезерова- қамқоршылық кеңес төрағасы

Бүгінгі жиналыста айтылған сөздердің барлығы орынды деп ойлаймын , қазіргі танда балаларымызға дурыс тарбие беріп , өзіміздің ұлттық салт - дәстүріміз бойынша тәрбие бере білсек , өз балаларымыз ата- аналарынан асып ешкайда кетпейді .

2. Ж.Ж.Әлиева - ата – ана ата - ана мектеп барлығымыздың алға қойған мақсатымыз балаға тәлім - тәрбие білім беру міндетіміз . Үйде балаға көп тәрбиелі аталы сөздерден акыл - кеңестер беріп отыруымыз керек.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

- 1.Ата-ана отбасылық тәрбиеге көңіл аударсын.
- 2.Салауатты ұрпақ біздің болашағымыз екенін ескере отырып, ата- аналар балаларының денсаулығына уақытылы көңіл аударсын.
- 3.Қауіпсіз интернеттің алдын алудағы ата- аналар жауапкершілігі туралы баяндама назарға алынсын.
- 4.Сабақтан тыс уақыттағы өмір қауіпсіздігі, үйінде болуы, сабақтан қалмауы кешкі уақыттарда сабақтан тыс кездерде бей-берекет көшеге шығармау ата-анасына тапсырылсын.
- 5.Оқушылардың дайындығын қадағалауға сынып жетекші мен ата-аналардың жауапкершілігі арттырылсын.

Ата-аналар жиналысының төрағасы :

Хатшысы:  Г.Өтеуова



Б.Сарин

Ата-аналар жиналысы, 02.06.2023 жылы, сағ.17.00

Күн тәртібінде:

1. IV тоқсан мен жылдық қорытындысы.

2. «2023-2024 оқу жылына жаңартылған мектеп формасына қойылатын талаптар»

3. «2023 жылғы жазғы кезеңде балалар мен жасөспірімдердің демалысын, сауықтырылуын ұйымдастыру»

4. Жасөспірімдер арасындағы келеңсіз оқиғалардың алдын алу және оқушылардың өмір қауіпсіздігін қатаң ескерту.

5. Ағымдағы мәселелер

№	Аты-жөні	Класы	Мерзімі	Кабинеті	Қолы
1	Мыңжан Гүлбану Жеткербайқызы	5 «а»	02.06	№33	
2	Өмірзақов Асылбек Ғалымжанұлы	5 «ә»	02.06	Психолог каб.	
3	Бекен Аяғез Бекенқызы	5 «б»	02.06	№29	
4	Мусирова Шынар Руслановна	5 «в»	02.06	№27	
5	Батыргалиева Жанар Маратовна	5 «г»	02.06	№26	
6	Санғалиева Айдана Асқарқызы	5 «д»	02.06	№20	
7	Дүйсебаева Жанаргүл	5 «е»	02.06	№35	
8	Тайман Жанар Тугайбаевна	6 «а»	02.06	№34	
9	Өмірханқызы Бұлбұл	6 «ә»	02.06	№31	
10	Сайлаубай Айдос	6 «б»	02.06	№6	
11	Махаева Гулбану Байбековна	6 «в»	02.06	№36	
12	Дәрібай Әсел Дәрібайқызы	6 «г»	02.06	№22	
13	Жалимова Гульназ Амангельдиевна	7 «а»	02.06	№21	
14	Абдибаева Шолпан Нысанқұлқызы	7 «ә»	02.06	№17	
15	Айтыманова Айгүл Ырғызбекқызы	7 «б»	02.06	№37	
16	Әубакирова Гүлнұр Ганиқызы	7 «в»	02.06	№28	
17	Закирова Сымбат Еркиновна	8 «а»	02.06	№30	
18	Денгилбаева Айнура Усеновна	8 «ә»	02.06	№18	
19	Байтурина Айнаш Куттыбаевна	8 «в»	02.06	Өзін –өзі тану	
20	Әбжамиева Акбота Алшынқызы	8 «г»	02.06	№5	
21	Наурызбаева Асемгүл Нурбековна	8 «д»	02.06	№32	
22	Еркинова Гулназ Касымовна	10 «а»	02.06	№25	
23	Казбаганбетова Лаура Ураевна	10 «ә»	02.06	№24	
24	Нуржанова Зарина	8 ^б	02.06	семинар залы	

Ата-аналар жиналысының хаттамасы

/кезектен тыс өткізілген/

№2

03.10.2022 ж

Қатысуға тиіс – 50 ата-ана, пән мұғалімдері

Қатысты – түгел

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. Халықаралық PISA зерттеуіне қатысу. Өту ережелерімен таныстыру

ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары К.А.Карибаева сөз алды.

«№36 қазақ орта мектебі» КММ бойынша 50 оқушы қатысатыны айтылды. Бақылауға 9-10-11 сынып оқушылары, яғни 15 жасар оқушылар қатысады. Оқушылар тізімі ҰББДҚ алынып отыр.

9 сыныптар-13 оқушы

9а-3 оқушы, 9ә-6 оқушы, 9б-2 оқушы, 9в-2 оқушы

10 сыныптар-30 оқушы

10а-16 оқушы, 10ә-14 оқушы

11 сыныптар -7 оқушы

11а-2 оқушы, 11ә-5 оқушы

Ата-аналарға бүгінгі таңда Қазақстандық білім беру жүйесінің алдында білім сапасының бәсекелестігін арттыру, шынайы өмірлік кезеңдерге бейімделу мәселелерінің тұрғандығын атап көрсетті. Сонымен қатар балаға қоғамдағы түрлі өмірлік мәселелерге байланысты дұрыс шешімдер қабылдау үшін жоғары интеллектуалдық әрекеттерді қажет ететін жағдайларда заман талабына сай өмір сүріп, қызмет ету керектігін нақтылады. Осыған байланысты еліміздің он бес жастағы оқушыларының білім жетістіктерінің деңгейін анықтауға байланысты өтетін PISA – 2022 халықаралық зерттеуіне мектебіміздің оқушыларының дайындық жұмыстарына қатысты жұмыстарды атады. Оқушының берілген тапсырмаларды орындап, онда қандай тапсырмалар болатындығы жөнінде нұсқаулықтар берілді, тапсырма түрлерімен таныстырылды. PISA зерттеуінің әрбір кезеңіне халықаралық саралау жұмысы жүргізіліп, әрбір қатысушы елге білім беру жүйесінің стратегиялық мақсатын анықтауға мүмкіндік беретіндігі де айтылды.

Біздің мектебіміз үшін бұл бағдарламаға қатысу білім берудің бақылау-бағалау жүйесін реформаландырудың қажеттігін ескертетін өзін-өзі дамытуды максималды түрде іске асыру мен қоғам өмірінде орынды қатысу үшін өздігінен іздену, талдау жасау, құрылымдау, ақпараттарды дұрыс пайдалануға мүмкіндік беретіндігі көрсетілді. Оқушылар осындай бақылауларға қатыса отырып, өз-өздеріне сенімділіктері қалыптасады, өмірге бейімделеді, сауаттылығы артады. Оқушы үшін пайдасы зор.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

1. Шауленова Г.С.- география пәні мұғалімі

-Жиналысқа қатысып отырған ата-аналарға баланың PISA зерттеу жұмысына дайындық жасауын қадағалау керек. Мұғалімдерінің берген тапсырмаларын уақытында орындап отырғандығын қадағалайық. Үйден компьютер мен интернетпен қамтамасыз етіп, қолдау көрсетіп отырсақ.

2. Б. Данабаева -9 «б» сынып оқушысының ата-анасы.

-Зерттеу жұмысына баламның дайындалуы үшін қолайлы жағдай жасаймын. Жаксы нәтиже күтемін. Сынып жетекшіміз дайындық жұмыстары туралы айтты. Хабардармыз. Бәріңізге сәттілік тілейміз. Ата-ана мектеппен байланысты одан әрі күшейтіп, бірлесе отырып жұмыс жасасақ, балаларымыз жақсы нәтиже көрсетеді деп сенемін.


ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Оқушылардың Халықаралық PISA зерттеуіне дайындық күшейтілсін.
2. Оқушылардың дайындығын қадағалауға сынып жетекші мен ата-аналардың жауапкершілігі арттырылсын.

Ата-аналар жиналысының төрағасы

Б.Сарин



Хатшысы:  Г.Өтеуова